

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«БЖЗК» АҚ «Зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қаржы журналистикасы мектебі» атты онлайн-семинар өткізді

БЖЗК жыл сайын ақпараттық-түсіндіру жұмысы шеңберінде халықтың қаржылық сауаттылығын, сондай-ақ, зейнетақы жүйесі және зейнетақы заңнамасындағы өзгерістер туралы хабардар болу деңгейін арттыруға бағытталған семинарлар өткізіп келеді.

Бұл шаралар жеке зейнетақы жинақтарының қалай қалыптасатынын, зейнетақы активтерін қалай және кім басқаратынын, жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысты басқа да көптеген мәселелерді түсінуге көмектеседі.

2022 жылдың 24 және 25 қарашасында онлайн форматта өткен «Зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қаржы журналистикасы мектебі» күзгі оқыту науқанына 100-ге жуық адам жиналды. Олардың арасында журналистер мен блогерлер, сондай-ақ, журналистика факультеттерінің студенттері бар.

Екі күн ішінде Қор мамандары қазақ және орыс тілдерінде шеберлік сабақтарын өткізді.

Курс бағдарламасы төмендегідей оқыту модульдерінен тұрды:

- Әлемнің зейнетақы жүйелері, демографиялық трендтер және жинақтаушы құрамдауыштың қажеттілігі, Қазақстан Республикасындағы зейнетақы жүйесі, БЖЗК қызметі, даму стратегиясы;
- ҚР Ұлттық банкі мен ИПБ-лардың зейнетақы активтерін басқаруы;
- Цифрлық БЖЗК (Қордың электрондық сервистері туралы тұсаукесер);
- ЕАЭО елдеріндегі зейнетақымен қамсыздандыру;
- БЖЗК-дан зейнетақы жинақтары төлемдерінің түрлері.

Бөлімшелердің басшылары мен Қор мамандары көрнекі таныстырылымдарды пайдалана отырып, әлемнің зейнетақы жүйелерінің қалай жұмыс істейтіні, Қазақстанның зейнетақы жүйесі неден тұратыны және ондағы төлемдердің қандай түрлері бар екендігі туралы тұшымды түрде баяндап берді.

Қазіргі және болашақ журналистерге Жұртшылықпен байланыс департаментінің басшылары ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының қалай жүргізіліп жатқаны және зейнетақымен қамсыздандыру тақырыбында тартымды материал жасау әдістері туралы айтып берді.

Онлайн қарым-қатынас барысында қатысушылар ұсынылған материалға қызығушылық танытып, спикерлерге аса белсенділікпен сауалдарын жолдады.

Курстың барлық материалдары enpf.kz сайтындағы «Қор туралы» - «Баспасөз орталығы» - «Арнайы жобалар» бөлімінде ұсынылған.

БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).